

Хаттамасы № 6

«Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес
жиналысының хаттамасы

25.05.2023 ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
2. Балалардың жазғы сауықтыруына дайындық туралы: Балалар учаскесіне құралдар сатып алу; ойын құралдарын жөндеу және сырлау, учаскелерді көгалдандыру.
3. Балабақшаны мамыр мерекелеріне дайындауға көмек беруді ұйымдастыру топтар мен аумақтарды безендіру үшін материалдар сатып алу.
4. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасаудың нәтижелері.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі З. Жұмабаева балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның қамқоршылық кеңесі құрамы бекітіліп, сайлану керектігін атап өтті.

Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне №2 Қарауылкелді орта мектебінің мұғалімі, Обаева Алина, Техникалық колледж мұғалімі Сағынай Диана, «Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» күзетшісі Құлынбай Ержан, Аудандық білім бөлімі әдіскері Қалданова Айнұр, Қарауылкелді орта мектебінің лаборанты Қайруллина Жұлдыз, «Каз Транс Газ» аудандық бөлімшесінің жұмысшысы Сүлейменов Кенжетай, №1 Қарауылкелді орта мектебінің мұғалімі Қармысова Айгерім, Жеке кәсіпкер Қасенов Мұратбек келісім беріп отырғанын айтты.

Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері, Г. Абишева таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі

айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп,

Қамқоршылық кеңесінің төрайымына Орманова Римманы ұсынды.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Г. Абишева тағайындалды.

Екінші мәселе бойынша балалардың жазғы сауықтыруына дайындық туралы: балалар учаскесіндегі ойын құралдарын жөндеу және сырлау, көгалдандыру жұмыстары сәуір айынан бері жүргізіліп келеді.

Үшінші мәселе бойынша мерекелерде топтарды безендіруді дайындауға көмек беруді ұйымдастыру жұмыстары бұрын ұйымдастырылғандай сапалы әрі уақытылы жүргізіліп отырылсын.